

БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРДІҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Тіл — жанды құбылыс. Заңгердің тіл мәдениеті дегеніміз — тілдік норманы сақтап сөйлеу, дұрыс жазу. Алайда бұл ұғым-түсінікке дәл өз мағынасында тереңірек ой жіберсек, сөздік қоры дамыған оралымды, бай тілдің ұлт мәртебесін асқақтатып, халқына қызмет ету үшін қарапайым сөйлеу тілінен бастап, сан түрлі бояуға қаныққан тілге айналуы сатысында соншалықты қиын қалыптасу кезеңі жатыр.

Заңгердің тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы — сөйлей білу. Тіл адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Тілдік қатынас — адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу т.б. әрекетіне тікелей қатысты құбылыс.

Сөйлеудің сапасына жататындар: мінсіздігі, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қисындылығы, мәнерлілігі, бейнелілігі, әсерлілігі, орындылығы, түсініктілігі.

Студент тілінде болатын кемшіліктердің себептері:

1. Органың әсері:

- а) студенттің сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді;
- ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл).

2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (оқу орнының тіл дамытуға немқұрайлы қарауы).

3. Жекелеген студент тіліндегі кемшілік (сақаулық, быдықтық, мыңқылдық т. б.).

Әрбір тұлға қоғамда белгілі бір орынды иемденеді және нақты міндеттерді атқарады, ол үшін соған сәйкес оның құқықтары мен міндеттері, яғни белгілі бір әлеуметтік мәртебесі болады. Әлеуметтік мәртебе адамның үлкен әлеуметтік топтың өкілі ретінде (мамандық, тап, ұлт, жыныс, жас мөлшері, дін) қоғамдағы орны.

Құқық қорғау органдары қызметінің негізгі мәні олардың атауынан айқын көрінеді: бұл мемлекеттің маңызды конституциялық міндеті — адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды және сақтауды жүзеге асыру. Олардың басқа да қалған функциялары — қоғамдық тәртіпті сақтау меншікті қорғау, қылмыстылықпен күрес, қоғамға қарсы бағытталған құбылыстардың әлеуметтік нормалары мен қатынастардың жүйесі ретінде құқықтың кепілі қызметін атқаратын билік құрылымы болып табылады. Әлеуметтік мәртебе ағыл. **social status** — құқықтарын, міндеттерін және мінез-құлықтың өзара алмасу кезегін (оның ішінде тіл практикасы да) қамтитын, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы жеке адамның орны, жағдайы.

Әлеуметтік мәртебе өз кезегінде адамның дүниеге келген сәтінен белгіленген, яғни субъектінен тәуелсіз, туғаннан сақталатын мәртебе: нәсілі, жынысы, ұлты және қол жеткен, яғни индивидтің өз күшімен жеткен мәртебесі болып бөлінеді. Яғни тұлғаның тілі, сөзі, сөйлеу әдебі оның әлеуметтік мәртебесін анықтауда үлкен рөл атқарады. Жалпы, осыған байланысты адамдарды әлеуметтік мәртебелеріне қарай төмендегідей топтастырдық:

- 1. Жоғары әлеуметтік мәртебе (депутаттар, іскерлер, ішкі істер қызметкерлері т. б.)**
- 2. Ортаңғы әлеуметтік мәртебе (мұғалімдер, дәрігерлер т. б.).**
- 3. Төменгі әлеуметтік мәртебе (студенттер, жастар т. б.).**

ҚР Конституциясы 7-бабының 3-тармағы: Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

Мемлекет билігі мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру турасында көптеген шараны іске асыруда, кейбір шаралар өз нәтижелерін беріп жатқанын да жоққа шығаруға болмайды. ҚР бұрынғы әділет министрі Р. Түсіпбеков өзінің кезекті бір сұхбатында мемлекеттік тілдегі заң сапасы мәселесіне арнайы тоқталған болатын. Сол себепті студент мемлекеттік тілді толық меңгеріп, оның тереңіне үңілуі қажет, қазақ ұлтының жанын түсініп, оның мұқтаждығын білуі тиіс. Бұл мәселеде жоғары оқу орнының оқытушысына көп міндет жүктеледі, ол студент бойындағы ұлттық рухты көтеру бағытында барынша көп жұмыс атқаруы тиіс. Әсіресе, заңгер мамандығын даярлауда «Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,

құқықтық және саяси ілімдер тарихы» бойынша сабақ жүргізетін оқытушылар студенттерге қазақтың ұлт көсемдері жайлы, олардың айтқан өсиеттері мен атқарған істері жайлы ақпарат беріп, олардан осы бағытта өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауларын талап ету арқылы жанама түрде студент бойындағы ұлттық рухты оятуға ықпал жасауы тиіс деп түйіндеуге болады.

Ойымызды қорытар болсақ, мемлекеттік тілдегі заңдар сапасын көтеру үшін, ең алдымен, сол заңның мәтінін жасауға тиісті заңгерлердің мемлекеттік тілді толық меңгеруін қамтамасыз етіп, олардың бойында қазақы тіл қалыптастыру қажет. Заңгердің бойындағы ұлттық рухты жандандыра отырып, оның тілге деген құрметін арттырып, өз ұлты алдындағы жауапкершілігін түсінуіне ықпал жасау арқылы көптеген мәселені шешуге болады.